

Ақтөгай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 9 шілдедегі "Бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленетін, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" № 29/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтөгай ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 2 маусымдағы № 25/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 маусымда № 6424-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтөгай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 20/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтөгай ауданының әкімдігінің 11.04.2025 № 20/01 қаулысымен (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарапады).

Ақтөгай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөгай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 9 шілдедегі "Бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленетін, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" №29/01 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне №5941 болып тіркелген), келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөгай ауданының әкімі

R. Кенжебеков

КЕЛІСІЛДІ:

Ақтөгай аудандық

мәслихатының төрағасы

Ақтөгай ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 2 маусымдағы

№ 25/01
қаулысына қосымша
Ақтогай ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 9 шілдесі
№ 29/01
қаулысына қосымша

Бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленетін, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

Аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің (бөлімшесінің) меншегерушісі, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантты, халықты жұмыспен қамту орталығының ассистенті, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, карттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

2. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

Әкімші, аккомпаниатор, мұрағатшы, археограф, барлық атаудағы әртістері, балетмейстер, библиограф, кітапханашы, бухгалтер, жетекші ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер, нұсқаушы, ісжүргізуши, дирижер, аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы, аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшының орынбасары, аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшының әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасары, бөлімнің, сектордың, филиалдың басшысы және орынбасары, шаруашылық және шеберхананың меншегерушісі, дыбыс операторы, дыбыс режисері, архив қоймасының меншегерушісі, барлық мамандық жөніндегі инженер, инспектор, өнертанушы, концертмейстр, мәдени ұйымдастырушы, билет тексеруші, кассир, шебер, әдіскер, механик, музикалық жетекші, кіші ғылыми қызметкер, мұражай қараушысы, ғылыми қызметкер, оператор, бағдарламашы, аудармашы, редактор, режиссер, аға ғылыми қызметкер, хатшы, барлық атау техникі, хореограф, хормейстер, барлық атаудағы суретшілер, көркемдік жетекші, қор сақтаушы, экономист, экскурсовод, заң кеңесшісі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК